

байқадық. Бірақ, кей өлеңдерінде ұйқастың басқа түрлері де, атап айтқанда, егіз ұйқас, ерікті ұйқас, аралас ұйқастар да кездесіп отырады.

Өніп, артып, - а
Асып, шалқып, - а
Еңбектің туы дүрілдеп - б
Шарадан асып, - а
Екпіндей тасып, - а
Тоғанның суы күрілдеп - б

Толқын тоқсан толғанып, - а
Қырандайын қомданып, - а
Екі дүние көлемін - б
Тегіс көрген көнемін. - б
Е-е-леп қиқу шыққанда, - в

Ерік бермей тоқтарға - в
Өршеленіп өр қиял! - г
Көк дауылдай долданып, - а
Көгерген көлкіп көл кәзір - д
Ойым – теңіз, мен – қайық. - а

Ақын жалпы шығармашылығының қай арнасынан болмасын көркемдеу құралдарының үлгілерін талғампаздықпен пайдалана отырып, оның мәнді де ойлы, әуезді де ажарлы болуына ерекше назар аударып отырған.

Төлеу творчествосының көркемдік кестелері әлі де болса үңіле қарап, терең зерттеуді талап етеді. Әсіресе, ақынның тілдік қоры – игерілмей жатқан, берері мол тың дүние.

Әдебиеттер

- 1 Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. – Алматы. 1970. – 315 б.
- 2 Простор, 1961. №9. – 93 с.
- 3 Көбдіков Т. Өлеңдер. – Алматы: ҚМКӘБ. 1955. – 45 б.
- 4 Негимов С. Ақын жыраулар поэзиясы. Генезис. Стилистика. Поэтика. – Алматы: Ғылым, 2001. – 280 б.
- 5 Көбдіков Т. Жырларым. – Алматы: Жазушы. 1975. – 207 б.
- 6 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б.

References

- 1 Qabdolov Z. Adabiet teoriyasynyn negizderi. – Almaty. 1970. – 315 b.
- 2 Prostor, 1961. №9. – 93 s.
- 3 Kobdikov T. Olen der. – Almaty: QMKAB. 1955. – 45 b.
- 4 Negimov S. Akyn zhyraular poeziyasy. Genezis. Stilistika. Poetika. – Almaty: Fylym, 2001. – 280 b.
- 5 Kobdikov T. Zhyrlarym. – Almaty: Zhazushy. 1975. – 207 b.
- 6 Qabdolov Z. Soz oneri. – Almaty: Qazaq universiteti, 1992. – 352 b.

ӘОЖ 82-1

А. Әзизова

өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың г.ғ.магистрі оқытушысы, Қазақстан, Алматы қ.

Қазіргі қазақ поэзиясындағы ұлттық рух

Мақалада қазіргі қазақ лирикасының жаңашылдығы сөз болып, қазіргі лириканың жай-күйі, ұлттық рухтың, қазіргі ақындардың поэзиядағы азаматтық ұстанымдары жайлы айтылады. Қазіргі қазақ лирикасындағы жаңашыл бағыттар сараланып, қаламгерлер шығармашылығы ғылыми, әдеби-теориялық тұрғыдан зерттелінді. Дәстүр мен жаңашылдықтың жаңа дәуірдегі көрінісіне талдау жасалынды. Мақаланы жазу барысында қазіргі қазақ лирикасындағы жаңашыл бағыттар сараланып, қаламгерлер шығармашылығы ғылыми, әдеби-теориялық тұрғыдан зерттелінді. Дәстүр мен жаңашылдықтың жаңа дәуірдегі көрінісіне талдау жасалынды. Мақаланың негізгі мақсаты – қазіргі қазақ лирикасындағы көрнекті қаламгер шығармашылығының бет-бейнесін ашу, жаңашылдықты анықтау, қазіргі лириканың өзіндік ерекшеліктерін тану, туындылардың қазақ әдебиеті тарихындағы орнын белгілеу болып табылады. Мақалада қазіргі қазақ лирикасының жаңашылдығы сөз бола отырып, тәуелсіздік алған тұстан бері қарай қазақ поэзиясына өзіндік қолтаңбамен, үнмен келген ақындар легінің шығармашылығына ден қойып, қазіргі белгілі ақындарымыз Қалқаман Сариннің, Ақберен Елгезектің, Әлібек Шегебайдың, Алмас Темірбайдың, Асылзат Арыстанбектің шығармалары талданады. Қазіргі қазақ лирикасындағы жаңашылдықты зерттеуге бағытталған бұл мақаланы жоғары және орта оқу орындарында, жекеленген ақындар шығармашылығымен таныстыруда қосымша материал ретінде пайдалануға болады.

Түйін сөздер: ұлттық рух, қазақ поэзиясы, азаматтық ұстаным, жаңашылдық, ұлттық сана.

А.О. Azizova

National spirit in modern kazakh poetry

The innovation of modern Kazakh lyrics, the loudspeaker and statics of modern poetry presents spirit to a civic stand of representatives of modern poetry in article special interest, national. In article it is analyzed the new directions of modern Kazakh lyrics, creativity of figures with scientific, literary теоритической the points of view. Reflection of tradition and innovation in a new era was analyzed. The main objective of this article – to open an image of creativity of eminent persons of modern Kazakh lyrics, to reveal innovation, peculiar features of modern lyrics, to designate a place of works in the history of the Kazakh literature.

In this article creativity of such poets as Қалқаман Сарин, Ақберен Елгезек, Алібек Шегебай, Алмас Темірбай, Асылзат Арыстанбек which came to the Kazakh poetry the features, exclusive talents together with Independence is considered, the author investigates tradition and innovation of modern Kazakh lyrics, and also теоритическо-практические tasks as the directions development of the Kazakh lyrics, degree of artistry, feature formal and substantial search. This article directed on research innovation of modern Kazakh lyrics can be used as an additional material in the highest and average educational institutions in training of modern Kazakh poetry, in acquaintance with creativity of certain poets.

Keywords: national spirit, Kazakh poetry, civic stand, innovation, national consciousness.

А.О. Азизова

Национальный дух в современной казахской поэзии

В статье особый интерес представляет новаторство современной казахской лирики, динамика и статика современной поэзии, национальный дух, гражданская позиция представителей современной поэзии. В статье анализируются новые направления современной казахской лирики, творчество деятелей с научной, литературно-теоритической точки зрения. Анализировалось отражение традиции и новаторство в новой эпохе. Основная цель этой статьи – раскрыть образ творчества видных деятелей современной казахской лирики, выявить новаторство, своеобразные особенности современной лирики, обозначить место произведений в истории казахской литературы.

В данной статье рассматривается творчество таких поэтов, как Калқаман Сарин, Ақберен Елгезек, Алібек Шегебай, Алмас Темірбай, Асылзат Арыстанбек, которые пришли в казахскую поэзию своими особенностями, исключительными талантами вместе с Независимостью. Автор исследует традицию и новаторство современной казахской лирики, а также теоритическо-практические задания как направления развития казахской лирики, степень художественности, особенности формальных и содержательных поиск. Эту статью, направленную на исследование новаторства современной казахской лирики, можно использовать как дополнительный материал в высших и средних учебных заведениях в обучении современной казахской поэзии, в ознакомлении с творчеством отдельных поэтов.

Ключевые слова: национальный дух, казахская поэзия, гражданская позиция, новаторство, национальное самосознание.

Қазақ әдебиетінің тәуелсіздік дәуірі - өзінің даму арнасымен, бағытымен ерекшеленетін, өз дәуіріне сай үні бар қаламгерлерді тудырған дәуір. Бұл дәуір әдебиеті азаттық таңының шуағына шомылып, тәуелсіздік деген ұғымның асқар биігіне шыққан бейнесін сомдайтын туындылар толқынының бейбіт шеруі іспеттес. Қаламгерлер шығармашылығы тек өз дәуірінің емес, өзіне дейінгі дәуір әдебиетімен сусындап, жаңа дәуірге сай шығарма жазып, қазақ әдебиетінің алтын қазынасын толықтыра түскені байқалады.

Әдебиет – дүниені қабылдаудың бірден-бір көркем жүйесі. Адам әдебиет арқылы өзі өмір сүріп отырған ортаны тұтас қабылдайды. Өз қоғамының бейнесін, дәуірінің бет алысын байқайды. Сондықтан әр дәуірдің өз әдебиеті болады. Әдебиет үнемі дамып, жаңарып отырады. Қазақ әдебиеті тарихының әр дәуіріндегі поэзиясының өзіндік үні болды. Сонау түркі заманынан бастау алатын қазақ поэзиясы өз заманында тақырыптық-идеялық, көркемдік жағынан жаңартылып, толықтырылды. Дәстүрлі поэзия өкілдерінің өлең үлгісі кейінгі ақындар поэзиясында көрініс тауып, сонымен қатар жаңа өлең үлгілері туды. Поэзияда дәстүр жалғасып, жаңашыл өріс те кеңінен ашылды. Осылайша қазақ поэзиясы қоржыны толыса берді.

«Қазақ әдебиеті қай кезеңде болмасын өзіне дейінгі ұлттық әдебиетіміздің бар асылын, үлгілі дәстүрін ала отыра дәуірге сай жаңа көркемдік мүмкіндіктерді ашты. Әсіресе, мұндағы жыраулар әдебиеті мен зар заман әдебиетінің, асқарлы Абай өнегесінің құнарлы болғанын атап айтқан абзал. Әдебиеттің әр кезеңінің табалдырығын шығармашылық талаппен аттаған жас ақын-жазушылардың қай-қайсысы да осынау бір ұлт әдебиетінің қайнар көздерінен нәр алып барып түрлі ізденістерге бой ұрды. Дәстүрлі жалғастыру мен жаңашылдыққа ден қою ой-сана тұтастығына, идеялық-көркемдік бірлікке алып келді. Бәрін біріктірген ортақ ұлы мақсат – ұлттық сананы оятып, азаттыққа қол жеткізу болатын.

Белгілі бір дәуірде өмір сүрген суреткерлер шығармаларында болжалды идея үнемі бірыңғай күйде көрініс таппай, сан-салалы көркемдік шешімдер арқылы бой көрсететіні ақиқат. Әрбір әдеби бағыттың, көркемдік әдістің өз шеңбер шегі, шектеулі мүмкіндіктері бар. Әрбір үлкен суреткердің айқындалған бағыты бар, ол сол өзі ұстанған бағыт жолында еңбек етеді. Бұл бағыттарды біріктіретін бір-ақ ұстаным бар, ол – ұлттық рух» [1, 176].

Ұлттық рух жолындағы күрес белгілі бір дәуірде идеяға айналады. Барлық адамзаттың күш-жігері мен мүмкіндік-қабілеттері сол идея айналасында қызмет етеді. Осылардың ішінде әдебиет өкілдері идеяны жүзеге асыратын бірден-бір «күш иелері» болып табылады. Әдебиет те, әдебиет тарихы да, әдебиет өкілдері де қоғаммен тығыз байланыста өмір сүреді.

Біз шығармашылығын сөз етіп отырған ақындар тәуелсіздік дәуірінің, ата-бабамыз аңсап кеткен азаттыққа қол жеткен күнде ғұмыр кешіп жатырған ұрпақтары. Сондықтан қазіргі қазақ лирикасының азаматтық ұстанымы мен идеясы – тәуелсіздікті сақтау, құрметтеу, бағалау идеясымен астасып жатыр. Негізінен тәуелсіздік идеясы сонау көне түріктер заманынан бастау алып, күні кеше қол жеткен нағыз тәуелсіздік дәуіріне дейін жалғасып келді. Біз үшін ұлттық жетістігіміздің ең қымбаты да осы – тәуелсіздікке қол жеткені.

Ақындар өздерін қоршаған ортадан бөлектеніп кете алмайды. Олардың болмысы бөлек болғанмен, олардың жан дүниесі мына әлеммен астасып жатады. Жырына арқау, жанына жылу болар қажеттісін бәрібір біз бен сіз өмір сүріп отырған әлемнен іздейді. Ондағы әлеуметтік, саяси, қоғамдық т.б. мәселелерден сырт қалу – ақынға жат құбылыс. Әуел бастан ақынның бір қызметі – халықтың жоғын жоқтау болатын. Сондықтан заман бейнесін, сіз бен біздің осы замани бейнемізді, тіршілігімізді «өмір-өлең» өрнектейді.

Жаңа ғасыр поэзиясындағы қазақ қоғамындағы ең үлкен тарихи оқиғаның бірі тәуелсіздік алуымыз еді. Ендеше осы нағыз тәуелсіздікті жырға қосу осы дәуір поэзия өкілдеріне бұйырған соны тақырыптың болып табылады. Бұған дейін еркіндікті, азаттықты аңсаған болсақ, енді соған жеттік, енді соны бағалау жолдарын қарастыруымыз, тәуелсіздіктің тарихын, бағасын ұрпақ санасына соны сіңіруіміз керек деген ұстаным ақындар шығармашылығынан көрінді. Тәуелсіздік қазақ поэзиясында ең көп жырланған тақырып десек те, оны еркін де тәуелсіз жырлау осы кезеңнің жемісі болып отыр. Өйткені қазақ елі соғыстан, бодандықтан құтылған бейбіт ел ретінде өмір сүріп отырғаны енді ғана. Жетпіс жыл бодандықтың қамытын киген тұстағы поэзияда, әрине, бұл тақырып жырланған еді, алайда тәуелсізбін деп айқайлайтындай қауқарлы емес едік. Тек қазақтың даласын, қазақты жырладдық. Ал нағыз тәуелсіздік поэзияның пәрменді тақырыбына енді айналды. Бүгінде ақындарымыз ешкімге

жалтақтамайды. Өйткені бұрынғыдай сұсты семсерлі цензура жоқ.

Сонымен тәуелсіздік туралы тұғырлы жырларын ақындар былайша өрбітеді. Қалқаман Саринның қарымды қаламы мен шалқар шабытынан:

Еркіндігім.
Қасиеттім.
Қастерлім.
Өзің барда өзегімде жоқ шер мүң!
Кеше сенің келбетіңді арман ғып,
Боданына бұғауландық басқа елдің.
Бабалардың басын тігіп бөйгеге,
Аналардың жанарына жас бердің!
Уа, Еркіндік,
кош келдің! –

деген жыр жолдары туып, ақын бойындағы шексіз қуанышты көрсетеді, ал Әлібек Шегебайдың «Қабірден хат» өлеңінде тәуелсіздік рухына тағзым:

Тәуелсіздік – Қазақ үшін ғажап күт,
Ғажап күтқа жүрмейді енді мазақ түк.
Бәрі мінез Бабалардың арманы –
Айналайын, алтын қанат – Азаттық! –

деп Тәуелсіздікке жету жолындағы күресте қаза болған Қайрат Рысқұлбековтың монологу түрінде берілген.

Аппақ сезімінің сырын ақырын, үнсіз, Тәңірімен тілдесу арқылы шертетін Ақберен Елгезек те тәуелсіздіктің құнын «Қанды түнек» өлеңінде құрбандарға деген асыл құрметін білдіру арқылы ұғынған, ұғындырған:

Қан төгілді, қызыл жалау құлады,
Қатып қалды жас өркеннің бұлағы.
Құрбандығың қабыл болды, қазағым,
Жалп-жалп еткен сөнбесінші шырағың!

Алмас Темірбай желтоқсанның құрбаны, біздің дәуірдің батыры Қайрат Рысқұлбековтың атынан сөйлеген моногында «Желтоқсанда ай туады солынан» дейді. Қазақта айдың солынан тууы жақсы ырым емес. Ақын батырды осылай сөйлету арқылы қазақ тарихта болған «кұбыжық құбылыс» салқынын тағы бір ойға салады. Осы желтоқсанда солынан туған айдан сақтасын деген тілегімен өлеңін аяқтайды:

Айға қарап
Ар жылайды, жыласын,
Жұмыр басты жұдырықтап ұрасың!
Жер қозғалса, қозғалмайтын мінезім,
Ел қозғалса, енді қалай шыдасын?!

Темір тордың алдында,

Тендік сұрап тұрмас мәңгі жан мына!
«Отыз жеті» ойран қылған қазақты,
«Сексен алты» сергелденге салды ма?!

... Жылап тұрып,
Жақсылыққа жорығам:
«Алты Алашым адаспағай жолынан!»
...Жылдың соңы...
Кімнің соры?
Сақтай гөр!
Желтоқсанда Ай туады солынан...

Жалпы Желтоқсан оқиғасының шындығын білу, ол оқиғаның тарихтағы орнын беру мәселесі әлі күнге дейін ұлт тарихындағы ауыр трагедиялы мәселенің қатарына жатады. Алайда дәл соның бағасын біліп, Желтоқсан құрбандарын, батырларының ерліктерін дәріптеу – бүгінгі ұрпақты саналылыққа, ұлтжандылыққа, мықты рухқа ие болуға тәрбиелейтіні сөзсіз. Әдебиеттің бірден-бір тәрбиелік қуатын осындайда пайдаланамыз. Бұл ескіні қозғап, іріткі шығару емес, тарихи шындықты жоққа шығармау, сақтау.

Қазіргі қазақ лирикасы бұдан өзге де азаматтық лирикаларға бай. Әлеуметтік, қоғамдық, саяси мәселе, жалпы қазіргі қазақ қоғамын қамтитын үлкенді-кішілі оқиғалар мен жағдайлар ақындар шығармашылығында астарлы сатирамен, кейде ашықтан-ашық сыналып, айтылып жүр.

Тегеуріні темір үзердей жырлары бар Темірғали ақынның азаматтық ұстанымы берік және ол оның көптеген өлеңдерінен көрінеді. Ол өзін қоршаған ортаны бағалау, оның келеңсіз жайттарын айтуды өзіне азаматтық міндет етіп алғандай. Мәселен, «Сахна» өлеңі өмірді «сахна» қып көрсетеді. Адамдардың бәрі шетінен маска киіп алған. Біреудің шын бет-бейнесін көру мүмкін емес. Бұл жалқы сахнада сол актерлердің өнеріне күле берсең, оларды қолпаштай берсең ғана жағады екенсің. Алайда Темірғали ақын олардың қатарынан емес. Ол:

Сахнаға қарап едім биіктен,
Күлкің қайда, құтылмадым күйіктен.
Мен емес ем шаттығынан безінген,
Күлсем болды, қан тамады көзімнен, –

дейді. Ақын жаны шын жылайды. Ақын көзінен неге жас емес, қан тамады? Демек ақын жаны ауру. Жанының жарасы асқынған. Көзінен қан тамуы да сол. Ақын жаны қара басының қайғысынан емес, қоғамның қайғысынан ауру болған. Бірақ ақын бұл қоғамнан безінбейді.

Мына біздің заманда,

Жақсы да бар, жаман да.
Көргеніміз – көркіміз,
Шүкіршілік оманда, –

деген ақын, келесі бір өлеңінде қайғысы мен қуанышы, жақсылығы мен жамандығы қатар өмірде адамға жақсылық, қуаныш сыйлау бақыт екенін айтады. Бұл өлең – ұрпаққа өнегелі өлең. Өлеңнің «Мән» деп аталуының өзінде бір мән бар:

Мен кеше
Бір сәбиді жұбаттым,
Қолына
Күлше беріп қуанттым.
Өйткені ол адам ғой, –

деп басталатын өлеңнің оң бойында ақынның адамдарға жасаған жақсылығы тізбектеліп келеді де:

Міне осылай, уақыт,
Қанатында самғаймын,
Өзімді өзім жұбатып,
Өзімді өзім алдаймын.
Өйткені мен де адаммын, –

деп аяқталады. Иә, расында біреуге жақсылық жасасақ қайтарымын күтпей, оның адамдық борышымыз екенін есте ұстағынымыз абзалырақ секілді.

Қазақты сүю, оның тіршілігін құрметтеу, тарихын бағалау, бүгінгісіне шүкірлік етіп, келешегіне сену, қазақтың аталардан жалғасқан салт-сана, дәстүр-жоралғысын естен шығармай, ұрпаққа аманаттау – міне бұлардың бәрі ұлттық рух қалыптастыру жолындағы ақынның азаматтық ұстанымына тікелей қатысты. Өз ұлтын сүйіп жарытпаған адам, ол ұлт үшін еңбек ете алмақ емес. Сондықтан да қашанда ұлттық рух пен азаматтық ұстаным, міндеттерді бірлікте қарастырамыз. Жақсысы болсын, жаманы болсын қазақтың мәселесін көтеріп, халықтың мұң-мұқтажына ортақтасу – ақынға да, азаматқа да парыз.

Қазақтың ақындары қашанда бұрынғы өткен ата-баба аруағына тағзым етіп, олардың ерліктерін жырына арқау етіп отырған. Сол арқылы халық тарихы қай дәуірде де ұрпаққа жетіп отырды. Асылзаттың да осындай өлеңдері бар. Оның «Кенесары және Мен», «Кенесарының аруағына мұң шағу» өлеңдерінде Кенесары ата-сына:

Жылжиды уақыт, ай құлап, көкте сөнбес күн,
Боркемік үлмен белдесе кетсе жеңбес кім.
Ұрпағын сатып, ұртын майлаған мәңгүртті,
Сенен тараған ұрпақ деп айтсам, сенбессін.

Нәпсіге тежеу салатын кім бар тағат қып,
Осыдан талай науқастың түрін тараттық.
Тірлігі түнде, етегін сатқан әйелден,
Өзіндей тұлға туат деп айту ағаттық, –

деп қоғами, адами мәселенің қазақтың жан-жарасына айналып кеткенін, Кенесарыдан тараған ұрпақтың ұсақталып кеткенін, бабалар аманатын аяқасты етіп жүрген пендауи тірліктің барын жасырмай жайып салады. Сол арқылы бұл мәселе ақын жанын ауыртатынын көрсетеді. Жалпы жезөкшелік қазіргі қоғамның басты дерті. Асылзаттың осы дертті сынап жазған бірнеше өлеңдері бар. «Жезөкше түн» деп налитын ақын жаны қазаққа осы бір түннің кесірі көп екенін айтады. «Тірі жетім бөбектер-ай, бөбектер» деп аталатын өлеңіндегі ақын қынжылысы бәріміздің көкейдегі мен жүрегіміздегіні дөп басады:

Тірі жетім бөбектер-ай, бөпелер,
Сендерді де сайқал өмір жетелер.
Мауқын басқан біреулердің күнәсі,
Мойнында түр, әлің жетсе көтерер.

Туғандығын білмейтін қай анадан,
Туа сала тұмар таққан наладан.
Сендерсіңдер түсіп қалған шанадан,
Сендерсіңдер тауып алған даладан.

...Тағдырыңа нали бермей бекерге,
Сен жүре бер өмір жүгін көтер де,
«...Милы адамдар» менен бұрын қимылдап,
Ұрлықшы ұшақ ұшып кетті шетелге...

«Тіл – ұлттың жаны» деген Ахмет атамиз. Сол жанымыз бүгінде жаралы боп, тәнімізден ажырап бара жатқандай. Қазақ қоғамының үлкен дерті де, мәселесінің бірі де бірегейі осы – тіл болып отыр. Ащы да болса шындық өз елінде өгейдің күйін кешкен ана тілі ардақталудан қалып барады. Ұлтына жаны ашитындар мүмкіндіктерінше күресіп бағуда. Мұндайда ақынның да үнсіз қалуы мүмкін емес. Қазіргі қазақ лирикасында ана тіліміздің мәселесін сөз еткен өлеңдер көптеп жазылуда. Жалпы тіл мәртебесін көтеруге орай арнайы мүшәйраларда ұйымдастырылып жүр. Міне, тәуелсіздік алып, тайраңдап жүрсек те, тіліміздің мерейін үстем ету жағынан әлі да сана тәуелділігінен арыла алмай келеміз. Ана тілінің ертеңіне алаңдайтын Асылзат «Өлмеу керек өр Қазақтың төл тілі» дейді:

Ұқтыра алмай ұлы сөзді кереңге,
Қамшы бастым қапылыста өлеңге.
Тілім менің өліп кетсе,
Басында